

**«С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысы**

№1 хаттама көшірмесі

Күні: 29.08.2023 жыл

Қатысқаны: қамқоршылар кеңесінің мүшелері-9

Күн тәртібінде:

1. Республикалық мектепке жол акциясы бойынша ақпар.

/мектептің әлеуметтік педагогы Оралова А./

2. Мектеп-гимназияның жылдың жоспары мен сабақ кестесін құруға қатысу.

/қамқоршылар кеңесінің төрағасы М.Н.Көшербаев/

3. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.

/директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қ.Салықбаева/

Тыңдалды:

1. Бірінші сөзді әлеуметтік педагог А.А. Оралова алды. 2 мамырдан бастап ата-аналардың өтініші қабылданды. Мамыр айының 30 күні мектепке жол акциясына 15 оқушыдан өтініш түсті. Акция басталғаннан бастап, демеушілік етуге үміттеу мақсатында сауда орталықтарына дүкендерге үндеу парақтары таратылды. Қазіргі таңда акция бойынша тіркелген мектебіміздің 85 оқушысы, жалпыға білім беру қорынан бөлінген 40,567 мың теңге көлемінде ақшалай қамтамасыз етілді.

2. Екінші сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қ.Салықбаева алды. 2023-2024 оқу жылының мектеп-гимназияның жылдық жоспары мен сабақ кестесін құруға мектеп әкімшілігінен әр мұғалімнің жүктемесін ескере отырып сабақ кестесін құруға ұсыныстар айтты.

3. Үшінші сөзді қамқоршылар кеңесінің төрағасы Н.М.Көшербаев алып қамқоршылық кеңесін нормативтік құжаттармен таныстыра отырып, жұмыс жоспарын құрып, бекітуге ұсыныс берді. Сонымен қатар «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі талқыланды. Оқу жылының барысында оқушылардың формасы туралы айтылды. Оқушылар мектепке тек қана мектеп формасымен келу керек екендігі айтылды. Алдағы уақытта кеңестің жандануын қолға алу, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек ұйымдастыру жұмыстарын ұсынды.

Шешімі:

1.Қамқоршылық кеңесінің іс-шара жұмысы жасақталып,бекітемін.

2.Мектепке жол акциясына байланысты жұмыстардың жүргізілуін қадағалау.ДТЖО Мусабековаға Р.Е жүктелсін.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылар кеңесі төрағасының орынбасары:

Қамқоршылар кеңесінің хатшысы:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

А.Н.Көшербаев

Д.Ш.Смагулова

Ж.Қ.Салықбаева

С.А.Мадярова

А.Ж.Дюсембекова

Н.С.Сламбековна

Ұ.Е.Сапарғали

З.Ж. Мажманова

А.С.Қали

Мектеп директоры



Г.М.Манатаева